



БАЙТУРСЫНҰЛЫ
UNIVERSITY

КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңір-
лік университеті»

КЕМСІТУШІЛІК ПЕН ҚЫСЫМ
КӨРСЕТУГЕ ҚАРСЫ

САЯСАТЫ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті (бұдан әрі – Университет) университеттік орта қадір-қасиетке, құрметке, теңдікке және қауіпсіздікке негізделуі тиіс екенін мойындайды.

1.2. Кемсітушіліктің, қысым көрсетудің, буллингтің, моббингтің, гендерлік зорлық-зомбылықтың және виктимизацияның кез келген түрі академиялық ахуалға кері әсер етеді, адам құқықтарын бұзады, тұлғаның дамуына кедергі келтіреді және Университет миссиясымен үйлеспейді.

1.3. Осы Саясат:

- кемсітушілік пен қысым көрсетудің алдын алудың бірыңғай қағидаларын;
- зардап шеккендерді қорғау және әрекет ету тетіктерін;
- құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті белгілейді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ

Саясат келесі құжаттарға сәйкес әзірленді:

- БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (5, 10, 16 Мақсаттар);
- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- ХЕҰ-ның №111 Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы (14-бап);
- ҚР Еңбек кодексі (6, 7-баптар);
- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» ҚР Заңы;
- «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңы;
- - «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» ҚР Заңы;
- - Университеттің ішкі құжаттары.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Саясат келесі тұлғаларға қолданылады:

- студенттерге (бакалавриат, магистратура, докторантура);
- профессор-оқытушылар құрамына;
- әкімшілік қызметкерлерге;
- уақытша қызметкерлерге;
- мердігерлер мен серіктестерге;
- онлайн-коммуникацияларға қатысушылар мен әлеуметтік серіктестерге.

Саясат оқу, ғылыми, еңбек және оқу процесінен тыс қызметте, сондай-ақ цифрлық ортада қолданылады.

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Кемсітушілік – жынысына, жасына, ұлтына, тіліне, дініне, мүгедектігіне, әлеуметтік мәртебесіне, отбасылық жағдайына, саяси көзқарастарына және өзге де белгілеріне байланысты құқықтарды шектеу.

Қысым көрсету (харассмент) – адамның қадір-қасиетін қорлайтын немесе дұшпандық орта қалыптастыратын жағымсыз вербалды, вербалды емес, физикалық немесе цифрлық мінез-құлық.

Жыныстық қысым көрсету – жеке қызмет үшін академиялық немесе мансаптық артықшылықтар ұсыну не уәде беру арқылы интимдік сипаттағы ұсыныстар жасау.

Буллинг – студенттер арасындағы жүйелі түрде қорлау.

Моббинг – еңбек ұжымындағы психологиялық қысым.

Виктимизация – шағым берген немесе куәгер болған тұлғаға қатысты жағымсыз салдар.

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

1. Кемсітушілік пен қысым көрсетуге нөлдік төзімділік
2. Тең құқықтар мен мүмкіндіктер
3. Құпиялылық
4. Өтініш берушіні қудалаудан қорғау
5. Объективтілік және бейтараптық
6. Жүгіну тетіктерінің қолжетімділігі

ЖОЛ БЕРІЛМЕЙТІН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Кемсітушілік келесі нысандарда көрінуі мүмкін:

- гендерлік – жынысына байланысты алдын ала көзқарас;
- этномәдени – ұлтына немесе дініне байланысты кемсіту;
- жас ерекшелігі бойынша – жасына байланысты шектеулер;
- мүгедектікке немесе денсаулық жағдайына байланысты – арнайы жағдай жасамау;
- әлеуметтік-экономикалық – материалдық жағдайына байланысты шектеу;
- академиялық – білімді әділетсіз бағалау немесе мүмкіндіктерден шектеу.

Қысым көрсету түрлері:

- вербалды;
- вербалды емес;
- физикалық;
- жыныстық;
- онлайн-қысым (кибербуллинг).

АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ПРОФИЛАКТИКА

Университет:

- шарттарға кемсітпеу қағидаларын енгізеді;
- психологиялық ахуалды мониторинг жасайды;
- гендерлік теңдік бастамаларына қатысады;
- корпоративтік әдеп кодексін жүзеге асырады;
- Ішкі аудит қызметі, Жастар саясаты басқармасы, Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығының жұмысын қамтамасыз етеді.

ӘРЕКЕТ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ

Жүгіну арналары:

- Университет Омбудсмені;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі;
- электрондық өтініш нысаны;
- анонимді сенім желісі;
- басшылыққа жеке жүгіну.

Қарау рәсімі:

1. Өтінішті тіркеу – 1 жұмыс күні
2. Алдын ала бағалау – 5 жұмыс күніне дейін
3. Қызметтік тексеру – 15 жұмыс күніне дейін
4. Шешім қабылдау және хабарлау – 1 жұмыс күні

Кепілдіктер:

- өтініш берушіні қудалауға тыйым салу;
- академиялық және еңбек құқықтарын қорғау;
- психологиялық және құқықтық қолдау;
- апелляция құқығы.

Университет ресми шағым болмаған жағдайда да тексеру жүргізе алады.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бұзушылықтың ауырлығына байланысты:

- ескерту;
- тәртіптік жаза;
- ынталандыру төлемдерінен айыру;
- шеттету;
- оқудан шығару;
- еңбек шартын бұзу;
- материалдарды құқық қорғау органдарына беру.

МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

- өтініштерді жыл сайын талдау;
- жасырын есеп жариялау;
- профилактикалық шараларды түзету;
- көрсеткіштерді ішкі сапа жүйесіне енгізу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Университет жеке тұлғаның қадір-қасиетін құрметтеуге және тұрақты даму қағидаттарына негізделген қауіпсіз академиялық орта құруға адалдығын растайды.

Осы Саясат ашық құжат болып табылады және қоғамдағы, заңнамадағы және академиялық тәжірибедегі өзгерістерге сәйкес жетілдіріледі.